

Шектеу іс-шараларын алу және Тоғыз ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 3 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 8 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 маусымда № 7209 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Шалқар аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2020 жылғы 9 маусымдағы № 16-8/73 ұсынысы негізінде, Тоғыз ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тоғыз ауылдық округі Тоғыз бекетінің Толағай көшесінде орналасқан № 31, № 33 , № 35 үйлер аумағында үй жануарлары арасында құтырық ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Тоғыз ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 11 наурыздағы № 3 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6864 тіркелген, 2020 жылғы 17 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Тоғыз ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Тоғыз ауылдық округі әкімінің м.а.

Б. Ідірісов